# Ақсу қаласының ұйымдарында 2020 жылға арналған ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Павлодар облысы Ақсу қалалық әкімдігінің 2019 жылғы 29 қарашадағы № 1095/9 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 11 желтоқсанда № 6659 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9-бабы 9) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" № 412 бұйрығына сәйкес, Ақсу қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2020 жылға арналған Ақсу қаласының ұйымдарында ұйымдастыру-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан, кәмелетке толғанға дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақсу қаласы әкімінің орынбасары Б. М. Каппасовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақсу қаласының әкімі* *Б. Ибраев*

Ақсу қаласы әкімдігінің
2019 жылғы 29 қарашадағы
№ 1095/9 қаулысына
қосымша

# Ақсу қаласының ұйымдарында 2020 жылға арналған ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы

| р/с № | Ұйымдардың атауы | Жұмыскерлердің тізімдік саны ( адам) | Квота мөлшері ( қызметкерлердің тізімдік санынан %) | Жұмыс орындарының саны (бірлік) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | "Қазхром" Трансұлттық компания" Акционерлік қоғамының филиалы-Ақсу ферроқорытпа зауыты" | 6531 | 1 | 65 |
| 2 | "Еуроазиаттық энергетикалық корпорация" акционерлік қоғамы | 1932 | 1 | 19 |
| 3 | Ақсу қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ақсу су арнасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны | 282 | 1 | 3 |
| 4 | Павлодар обласының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының " Қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы үлгідегі Ақсу арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 155 | 1 | 3 |
| 5 | Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ақсу қаласының қалалық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны | 827 | 1 | 8 |
| 6 | Ақсу қаласы әкімдігінің, "Ақсу қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Теплосервис - Ақсу" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны | 101 | 1 | 1 |
| 7 | "Уштерек и К" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 115 | 1 | 1 |
| 8 | "Еуразия" Медициналық орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Ақсу филиалы | 297 | 1 | 3 |
| 9 | "Монтажно-Ремонтное предприятие " Гарант-Сервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 145 | 1 | 1 |
| 10 | "AksuTransLogistic" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 117 | 1 | 1 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК